

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ЫҚПАЛДАСУЫ: ОҢТҮСТІК КОРЕЯ МЫСАЛЫНДА

Чубаева К.А.

КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Қазақстан

Title: *Relationship of Economy and Business: on the Example of South Korea*

Author: *Chubayeva K.A., KazUIR&WL, Almaty, Kazakhstan*

Abstract: *In this article we consider relationship of economy and business: on the example of South Korea. The comprehensive role of the state is characteristic feature of development of economy of South Korea. The capitalist relations "were spread" from above. The state directly influenced the sphere of social economic decisions. It was resulted by creation of public sector, stimulation of the largest associations, merge of the industrial and bank capitals.*

Keywords: *government, business, chebol, economy, finance, socio-economic system.*

Кілтті сөздер: *үкімет, чеболь, бизнес, экономика, финанс, әлеуметтік-экономикалық жүйе.*

Мемлекет пен бизнестің ықпалдасуы Оңтүстік Корея экономикасының дамуының айрықша белгісі болып табылады. Мемлекет әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуына тікелей басым көрсетіп отырды. Соның нәтижесінде мемлекеттік сектордың құрылуы, кең ұйымдастықтардың пайда болуы және сауда-өнеркәсіп пен банктік капиталдардың бірігуі жүзеге асыралды.

Бұдан мемлекет экономиканың дамуында үлкен рөл атқарғандығы байқалады: меңгерді, направляло, көмек көрсетті және қолдап отырды. Бірақ Оңтүстік Корея экономика кереметінің негізгі факторы – жекеменшік бизнес.

1960 жылы экспорттық экономиканы дамыту үшін президент Пак Чон Хи ауыр өнеркәсіпке назарын аударды. Ол ауыр өнеркәсіптің дамуында, сол кезде Кореяда дамыған, ірі компаниялар ғана жұмыс атқара алатындығын анық түсінген. Сондықтан мемлекет сондай компанияларды ашуға тырысты. Басында Пак Чон Хи оның пікірінше ең беделді он шақты компанияны таңдап алды. Ең қызығы бұл жүргізілген таңдаудағы

басты ереже, компания емес, оның басқарушыларының жеке мінезі болды.

Одан кейін мемлекет сол компаниялардың бірігуін талап етіп, бәсекелестікті жоюға тырысты. Соның арқасында жекеменшік компаниялардың не бірігуін, не мүлдем жабылуын талап етті. Сонымен біріктіру шараларының арқасында ірі қаражатты-өнеркәсіп топтары (ҚӨТ) – чэболь пайда болды, ал оларды президент жеке білетін, оларға сенім білдіретін бизнесмендер болды.

Маманды бизнесмендер басқарып отырған компанияларға түрлі жеңілдіктер көрсетіліп отырды. Ең бастысы – ішкі және шетел кредиттерге қол жеткізімдігі. Осындай жеңілдіктер үшін чэболь басшылары тек өз жұмыстарын адал басқаруға ғана емес, экспортты дамытуға міндетті болды.

ҚӨТ құрылу уақыты Оңтүстік Корея экономикасының аса дамыған уақыты болып саналады. Соның арқасында 1965 – 1985 жж. аралығында Корея экономикасы 20 есе артқан болатын. Табыстың негізгі себебі – экспорттың арттуы болды. Сонымен қатар конгломераттар өнімдерін дамытуға тырысты. 1970 ж. көптеген холдингтер көпсалалы фирмалар болды, олар алуан түрлі тауарларды шығаруға тырысты: көліктерден бастап танктерге дейін, радиодан пулеметтерге дейін. Жақсы мысал – Hyundai компаниясы, 90 жылдары тұрмыс техникасын, корабльдерді, көліктерді, микросхемеларды шығарды және электростанцияларды басқарып, ірі импорт-экспорттық операцияларды жүргізді. Аталған өнімдері тағы басқа екі компания да іске асырып отырды – Samsung и Daewoo.

Яғни, 1963 жылы президенттік сайлауда жеңіске жеткен, Корей экономикасының атасы атанған Пак Чжон Хи ел экономикасын жапон мәнеріне сәйкес қайта құруды бастады. Нақтырақ айтсақ, Пактың ойы әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болатын экспортқа бағытталған ірі компаниялар құру еді. Нәтижесінде Жапондық «дзайбатсу» үлгісімен «чэбольдер» – экспортқа бағытталған көпсалалы алпауыт холдингтер – құрылды. Себебі, уақыт пен қаржылық ресурстар шектеулі болған жағдайда, барлық күш-қуатты бір орталыққа шоғырландырып, мемлекеттің айрықша қолдауымен әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болатын ірі монополияларды құру арқылы ғана бұл тығырықтан шығуға болатын еді. Пак Чжон Хи ең алдымен жоғары біліктілікті талап етпейтін, бірақ еңбек сыйымдылығы жоғары салаларда өнім

өндіруді бастап, осы қызмет барысында жиналған кәсіпкерлік тәжірибені 1970-жылдары ауыр өнеркәсіп, электроникалық құралдар мен тұрмыстық техника өндірісінде табысты пайдалана білді. Чеболь ретінде негізі қаланған, ал қазіргі таңда әлемге әйгілі компанияларға Hyundai, Samsung, LG компанияларын мысал ретінде келтіруге болады.

Чебольдің пайда болуынан бастап, олар мемлекеттен тәуелді болды. Себебі, мемлекет олардың гаранты рөлін атқарып отырды. Сондықтан, жай кәсіпкерлікті күйзеліске алып келе алатын, сәтсіз іс-шаралар мен инвестициялар, чебольдер үшін қорқынышты болған жоқ. Себебі, дағдарыс жағдайларын мемлекет әрдайым көмекке келіп отырды. Сол себептен ҚӨТ ешқашан толық дағдарысқа ұшырамайды деген сенім пайда бола бастады.

Әр онжылдық сайын чеболь саны көбейіп отырды. 1985 ж. қарсы 5 ірі конгломераттардың ортақ сату мөлшері ІӨК 53% құрады.

Чеболь дамуының ерекшелігі, олар қысқа мерзімде табыс алып келетін мақсатпен емес, өз позицияларын алдымен ішкі, кейін әлемдік нарықта тұрақталып, сақталуына тырысты. Сондықтан бір өндіріс көзінен технологиялық көзқарастан әрі дамыған өндірісті дамытып отырды.

1940 – 50 жж. чеболь текстиль, қант, қағаз өнімдерін шығарса, 50 – 60 жж. – кемеледі, мұнай өнімдерін, қара металдарды өндірумен айналысты. Уақыт өте келе ҚӨТ халықаралық нарыққа шыға бастады.

Ақырындап Оңтүстік Корея экономикасында чеболь рөлі мен мәні арта берді. Ақырында, 90 жылдары ірі он бірлестіктің айналымы ІӨК $\frac{1}{2}$, өнеркәсіп өндірісінің 35% артық.

«Мықты мемлекеттік құру» ережесін қолдана отырып, үкімет чебольдің оңтайлы құрылуы мен дамуына үлкен үлесін қосты. Олардың мықты қаражаттандыруы чебольдің өсуіне ірі тірек болды.

Оңтүстік Корея экономикасының ірі : Hyundai, Samsung, LG Group, Daewoo, SsangYong – компаниялары көлікқұрастыру мен химиялық өндірісте беделді орындарға ие болды.

Алайда, чебольдердің қызметі тек мемлекеттің қаржыландыруымен жүзеге асқандықтан жемқорлық деңгейі күрт өсіп, аталмыш даму үлгісі сәтсіздікке ұшырады. Мемлекеттік қаражатты тиімсіз пайдалану салдарынан компаниялардың қарыздары күрт өсіп, нәтижесінде үкімет корей вонын

девальвациялауға мәжбүр болды. Соның салдарынан 1997 жылы елде ауыр дағдарыс орын алды. Осы дағдарыстан сабақ алған Корея билігі чебольтердің құрылымына оң өзгерістер енгізіп, жүйені толық жаңғыртты. Мысалға, банктер жекешелендіріліп, чебольтердің тиімді жұмыс істеуін қадағалау күшейіп, менеджменттің сапасы кәсіби деңгейге көтеріліп, жалпы экономикалық жүйе нарықтық бағытта қызмет ете бастады.

Дағдарыстан кейін елдің жаңа басшылығы шағын және орта бизнесті дамытуға көңіл бөліп, ШОБ субъектілеріне бизнес жүргізуге барынша қолайлы жағдайлар жасай бастады. Халықтың кәсіпкерлікпен айналысуын қолдайтын кешенді және ауқымды бағдарламаның орындалуы нәтижесінде елдегі жұмыссыздық төмендеп, әлеуметтік жағдай жақсарды.

Оңтүстік Корея экономикасының дамуында оның сыртқы экономикалық байланыстары басты рөл атқарды. Сыртқы экономикалық байланыстар жедел қарқынмен дамып отырды. Және ол Оңтүстік Кореяның әлемдік нарықтағы орнын кеңейтті.

Бүгінгі күні де Корея экономикасының басты көзі – экспорт болып саналады. Оның негізгі сауда партнерлері АҚШ пен Жапония. Қазіргі таңда Корея үкіметі ұзақ мерзімді экономикалық өсудің алғы шарты – білім мен ғылымды дамытуға ерекше назар аударуда. Елдің 408 ЖОО мен колледждерінде 3,5 млн студент білім алуда, олардың 32%-ы инженерлік мамандықта оқиды. Студенттердің саны бойынша Корея әлемде алдыңға қатарлардан көрінеді. Сонымен қатар, білім саласына, мемлекеттік қаражаттан бөлек, елдің ірі корпорациялары қайтарымсыз қомақты ақша қаражатын аударып отырады. Сондықтан, ғылым мен технологияның заманауи салаларына жаппай инвестициялау жүргізіліп, ҒЗТКӘ-ге ЖІӨ 3,5% бөлінеді деп жоспарлануда.

Сонымен, Оңтүстік Корея бүгінгі күні де өзінің қарқынды экономикалық дамуымен таңғалдыратын мемлекет болып саналады. XX ғ. 60 жылдарында бұл мемлекете Папуа – Жаңа Гвинеядан да кедей болған. Небары 30 жыл ішінде жай жаһандану ғана емес – ең ірі және заманауи әлемдік экономика пайда болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бочарова Е. «Деньги для модернизации» // Банки и деловой мир / 2012. – №4

2. Воловик Е. «Южная Корея» // Финансовая газета. Региональный выпуск, 2008. – № 10
3. Зарипова Н.Д. «Анализ практики налогового регулирования в зарубежных странах» // Международный бухгалтерский учет/ 2011. – № 19
4. Ким Г.Н. «Республика Корея» / Алматы: Дайк-Пресс, 2010. 589 с.
5. Коваленко Л. «Найти упущенный фактор» // Банки и деловой мир / 2012. – №4
6. Крупянко М.И. «Геополитика Восточной Азии сегодня и завтра» // Международная экономика: Научно – практический журнал / 2006. – №7
7. Минаев С. «Ошибки кредиторов» // Коммерсант: Власть / 1999. – №32
8. Шевчук Д. «Экономический рост и экономический цикл» // Финансовая газета. Региональный выпуск, 2009. – № 11
9. «Азия не уступит лидерства» // РБК Daily. – <http://www.rbcdaily.ru/2010/04/15/world/562949978990604>
10. Беляков И. «Тайны корейского "экономического чуда", или Когда бы вы знали, из какого сора...» // Сеульский вестник. – <http://vestnik.kr/econo/4029.html>
11. Гуенков В. «20 лет дипотношениям: пресс-конференция российского посла» // Сеульский вестник. – <http://vestnik.kr/ruskor/3859.html>